

А.К. МОЛДАСЛАМОВА^{1✉}, М.А. УСЕРБАЕВА¹, Б.Ш. БАЕШОВА²¹Мирас университетінің аға оқытушысы

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: ainura0880@mail.ru; e-mail: Malika.userbaeva.2016@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты

Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: balziya.bayeshova@ayu.edu.kz

**РАБҒУЗИДІҢ «ҚИССАСУЛ-ӘНБИЯ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АРАБ, ПАРСЫ
СӨЗДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа. Халық қазынасы ретіндегі жәдігерлер тіліндегі кірме сөздерді лингвистикалық тұрғыдан талдап, қыр-сырын ашу, қазіргі тіліміздің, сол түпнұсқа тілдерімен салыстыру арқылы даму, өзгеру динамикасын анықтау көкейтесті мәселелердің бірі. Жазба ескерткіштер тіліндегі араб, парсы сөздерінің тіліміздің баюына, сөздік қорымыздың молаюына қосқан үлесі мол. Зерттеу барысында «Қиссас-ул-әнбия» ескерткішінің тіліне ерекше мән беріліп, ондағы араб және парсы тілдерінен енген сөздердің фонетика-морфологиялық және лексика-семантикалық ерекшеліктері анықталды. Сонымен қатар, кірме сөздердің игерілу заңдылықтары, олардың түркі тілдеріндегі дыбыстық өзгерістері, грамматикалық құрылымға бейімделуі қарастырылды. «Қиссас-ул-әнбия» ескерткішінің тілі бұған дейін арнайы зерттеу нысаны болған емес. Шағатай тілінде жазылған, түркі тілдерінің дербес әдеби тілі ретінде қалыптасуына негіз болған осы сынды мұралар өз дәрежесінде арнайы зерттелуге тиісті.

Бұл зерттеу түркі халықтарының тіліне араб және парсы сөздерінің ену үдерісін, олардың қалыптасуы мен өзгеру ерекшеліктерін жан-жақты қарастырады. Ислам дінінің таралуы түркі халықтарының мәдениеті мен тіліне зор ықпал етіп, әсіресе Қарахандықтар дәуірінде араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер кеңінен қолданыла бастады. Діни, ғылыми және әдеби шығармалар арқылы көптеген араб және парсы лексемалары түркі тілдерінде орнықты.

Зерттеу жұмысы тарихи жазба ескерткіштердегі араб және парсы қабаттарының қазақ тіліне тигізген ықпалын айқындауға бағытталған. Бұл кірме элементтердің тілдік жүйедегі рөлін анықтау – зерттеудің негізгі мақсаты.

Кілт сөздер: кірме сөздер, сөздік қор, мағына, діни сөздер, дыбыс, қосымша, сөздік құрам.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Молдасламова А.К., Усербаева М.А., Баешова Б.Ш. Рабғузидің «Қиссасул-әнбия» шығармасындағы араб, парсы сөздерінің ерекшеліктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 114–124. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.197>

***Cite us correctly:**

Moldaslamova A.K., Userbaeva M.A., Baeshova B.Sh. Rabguzidin «Qissas-ul-Anbiya» shygarmasyndagy arab, parsy sozderinin erekshelekteri [Features of Arabic and Persian Words in Rabguzi's Work “Kissasul-Anbiya”] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 114–124. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.197>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.04.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

A.K. Moldaslamova¹, M.A. Userbayeva¹, B.Sh. Bayeshova²¹*Senior Lecturer of Miras University
(Shymkent, Kazakhstan), e-mail: ainura0880@mail.ru;
e-mail: Malika.userbaeva.2016@mail.ru*²*Candidate of Philological Sciences, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: balziya.bayeshova@ayu.edu.kz***Features of Arabic and Persian Words in Rabguzi's Work “Kissas-ul-Anbiya”**

Abstract. One of the most pressing issues is to determine the dynamics of development and change through linguistic analysis of the input words in the language of exhibits as a national treasure, disclosure of secrets, comparison with our modern language and the original languages. Arabic and Persian words in the language of written monuments have a great contribution to the enrichment of our language and the expansion of our vocabulary. In the course of the study, special attention is paid to the language of the monument “Kissas-ul-Anbiya”, phonetic-morphological and lexical-semantic features of words from Arabic and Persian are revealed in it. In addition, the patterns of assimilation of input words, their sound changes in Turkic languages, adaptation to the grammatical structure are considered. The language of the monument “Kissas-ul-Anbiya” has not previously been the subject of special study. Such heritage, written in the Chagatai language, which became the basis for the formation of Turkic languages as an independent literary language, should be studied in a special degree. This study examines in detail the process of penetration of Arabic and Persian words into the language of the Turkic peoples, the features of their formation and transformation. The spread of Islam had a great influence on the culture and language of the Turkic peoples, especially in the era of the Karakhan people, when borrowed words from Arabic and Persian were widely used. Through religious, scientific and literary works, many Arabic and Persian lexemes have established themselves in the Turkic languages. The research work is aimed at identifying the influence of the Arabic and Persian layers on the Kazakh language in historical written monuments. Determining the role of these input elements in the language system is the main goal of the study.

Keywords: borrowed words, vocabulary, meaning, religious words, sound, appendix, vocabulary structure.

А.К. Молдасламова¹, М.А. Усербаева¹, Б.Ш. Баешова²¹*старший преподаватель Университета Мирас
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: ainura0880@mail.ru;
e-mail: Malika.userbaeva.2016@mail.ru*²*кандидат филологических наук
Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: balziya.bayeshova@ayu.edu.kz***Особенности арабских, персидских слов в произведении Рабгузи «Киссас-ул-анбия»**

Аннотация. Одним из актуальных вопросов является выявление динамики развития, изменений путем лингвистического анализа и раскрытия тонкостей языка реликвий как народной сокровищницы, сравнения с нашим современным языком, с теми же языками оригинала. Арабские, персидские слова в языке письменных памятников вносят большой вклад в обогащение нашего языка, в пополнение словарного запаса. В ходе исследования особое внимание уделяется языку памятника «Киссас-уль-анбия», выявляются фонетико-морфологические и лексико-семантические особенности слов арабского и персидского языков. Кроме того, рассматриваются закономерности усвоения вводных слов, их звуковые

изменения в тюркских языках, адаптация к грамматическому строению. Язык памятника «Киссас-уль-анбия» до этого не был предметом специального исследования. Это наследие, написанное на чагатайском языке, требует более глубокого изучения. В данном исследовании подробно рассматривается процесс проникновения арабских и персидских слов в язык тюркских народов, особенности их формирования и изменения. Распространение ислама оказало большое влияние на культуру и язык тюркских народов, особенно в эпоху Караханов, где стали широко использоваться заимствованные слова из арабского и персидского языков. Благодаря религиозным, научным и литературным произведениям многие арабские и персидские лексемы утвердились в тюркских языках. Исследовательская работа направлена на выявление влияния арабского и персидского слоев на казахский язык в памятниках исторической письменности. Определение роли этих элементов в языковой системе является основной целью исследования.

Ключевые слова: заимствованные слова, словарный запас, значение, религиозные слова, звук, приложение, словарный состав.

Кіріспе

Араб сөздерінің енуіне VII-VIII ғасырларда түркі халықтары арасына келе бастаған ислам діні жол ашты. «Араб халқының түркі тілдес халықтармен және тайпалармен тікелей араласуы 636 жылдардан басталады деуге болады», – дейді белгілі ғалым, түрколог Э.Н. Наджип [1]. Араб кірме сөздері тілімізге тікелей де, көршілес халықтардың тілдері арқылы да енгені белгілі. Бұл – араб сөздерінің тілімізге енуінің алғашқы кезеңі. Араб халифаларының Орта Азияға жасаған жорықтарының негізгі мақсаты – бейбіт жолмен мұсылмандықты тарату, ислам дініне енгізу.

Қарахандықтар дәуірінде (X-XIII ғғ.) ислам дінінің түркілер тарапынан қабылданып, мемлекеттік басқару мен діни ағарту істерінде араб тілінің, араб графикасының үстемдік құруы араб сөздерінің, әсіресе діни терминдердің қатарын молайтты. Орта Азияның Бұхара, Самарқанд, Үргеніш, Түркістан, Отырар сияқты ірі қалаларында көптеген медреселер ашылып, мәдениет орталықтарына айналды. Мұндай медреселерде шариғат ілімдері оқытылып, діни мамандар даярланды. Бұл ислам дінінің таралуына арқау болды. Араб тілінің ықпалы, нақтырақ айтқанда, араб сөздерінің енуі XX ғасырдың бастапқы кезеңдеріне дейін жалғасты. Араб сөздері көбіне орта ғасырлық жазба әдеби тіл арқылы енді.

Бұл дәуірлерде діни тақырыптағы, сопылық бағыттағы еңбектер, құран сүрелерінен аударма, оларға арналған түсініктемелерден тұратын еңбектер, араб, түркі грамматикаларына арналған еңбектер, сөздіктер, шығыс поэзиясынан түркі тіліне аударылған аударма еңбектер, пайғамбарлардың өміріне арналған қиссалар, т.б. толып жатқан прозалық шығармалар дүниеге келді [2].

Ислам дінінің келуімен байланысты тілімізге енген араб, парсы сөздері бүгіндері төл сөзіміздей болып кеткендігі анық. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, тіліміздегі сөздік қордың 15%-ын араб, парсы сөздері құрайды. Бұл сөздердің барлығы тіліміздің сөйлеу ерекшеліктеріне сай қалыптасқан. Тіліміздегі сөздік қордың едәуір бөлігін құрап отырғандықтан болу керек, ғалымдар тарапынан араб, парсы сөздерін зерттеуге біршама көңіл бөлінген.

Кірме араб сөздерінің табиғатын, семантикасын, қолдану аясын айқындауға бағытталған бірнеше ғылыми зерттеулер дүниеге келді. Бұл орайда Н. Оңдасынов, Е. Бекмұханбетов, Р. Сыздық, Ә. Құрышжанов, т.б. ғалымдардың еңбегін атап өтуге болады. Араб, парсы сөздеріне байланысты Л. Рүстемов, Ж. Есеналиева, Г. Құлназарова, Г. Бүркітбай, З.М. Якши, Ж.А. Ағабекова, т.б. кандидаттық диссертация, ал Б. Жұбатова докторлық диссертация қорғады. Бірнеше екі тілді сөздіктер мен жазба ескерткіштер тіліне

арналған сөздіктер баспадан жарық көрді. Біз шағын мақаламызда араб, парсы сөздерінің зерттелуіне арнайы тоқталмадық, себебі фил. ғыл. канд. Г. Құлназарова өзінің кандидаттық диссертациясында түркі тілдеріндегі араб сөздерінің зерттелуіне тоқталса, филология ғылымдарының докторы Р. Досжан өзінің мақаласында қазақ тіл біліміндегі араб, парсы сөздерін зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасап, олардың әрқайсысының қандай бағытта зерттеу жұмысын жүргізгендігіне талдау жасайды. Ғалым араб, парсы сөздерінің зерттелуін үш топқа бөліп қарастырады:

1. Қазақ тіліне енген араб, парсы сөздерінің зерттелуі;
2. Ескі қазақ тіліне енген араб, парсы сөздерінің зерттелуі;
3. Түркі тілдеріне ортақ араб, парсы сөздерінің зерттелуі [4].

Академик Р. Сыздық: «Егер қазіргі қазақ әдеби тілінің лексика қазынасының 14-15% араб, парсы сөздері, әсіресе дерексіз ұғым атаулары құрайтын болса, оның пайда болу себебін қазақтардың араб, иран халықтарымен тікелей қарым-қатынас жасау нәтижесінен немесе өзбек, татар жазба әдеби тілдерінің әсерінен іздемей, Иасауи хикметтері сияқты халық ішіне сан ғасыр бойы кең таралып келген әдеби мұралардың тілдік дәстүрінен іздеу керек болады. Бұл – қазақтың ауызша да, жазба да әдеби тілдерінің қайнар көздерімен іліктестігін, жалғастығын танытатын белгі», – дейді [3].

Тарихи ескерткіштердің қай-қайсысының болмасын тіліміздің тарихи даму сипатын айқындауда өзіндік орны бар. Жазба ескерткіштер тіліндегі араб, парсы сөздерінің тіліміздің баюына, сөздік қорымыздың молаюына қосқан үлесі мол. Олай болса, халық қазынасы ретіндегі жәдігерлер тіліндегі кірме сөздерді лингвистикалық тұрғыдан талдап, қыр-сырын ашу, қазіргі тілімізбен, сол түпнұсқа тілдерімен салыстыру арқылы даму, өзгеру динамикасын анықтау көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады [4].

Қазіргі қазақ тілі сөздік қорының араб, парсылық тілдік қабаты, орта ғасыр ескерткіштерінің тіліндегі араб, парсы сөздері бүгінге дейін әртүрлі зерттеу еңбектеріне нысан болып келеді. Дегенмен де орта ғасырларда жазылған әрбір ескерткіштің тілі арнайы зерттелуі керек. Кейбір жазба мұралардың тілі біршама жақсы зерттелінгенмен, кейбір құндылықтар әлі де болса өз дәрежесінде қарастырылмай келеді. Солардың ішінде XVI ғасыр ескерткіші болып саналатын Рабғузидың «Қиссас-ул-әнбия» ескерткішін айтуға болады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне байланысты сипаттамалы, тарихи салыстырмалы, жүйелеу, іріктеп жинақтау, талдау әдістері қолданылды.

Құрылымдық жүйесі жағынан ескерткіштің қазіргі қазақ тілімен сәйкесетін тұстары өте көп. Дыбыстық өзгерістер мен дыбыстық сәйкестіктер, олардың даму жолы көрсетілді.

Араб, парсы сөздерінің молдығы, сөйлем құрылысындағы түркі тілдеріне жат құрылым, яғни араб, парсы жалғаулықтарының қолданылуы шығарманың аударма екендігін айқындайды. Мұндай көрсеткіштер түркі тілдері мен араб тілінің арасындағы байланыстардан хабар береді. Ескерткіш тілінде кездесетін кірме элементтердің дыбыстық нұсқасы мен қазіргі тіліміздегі сипатының арасындағы тілдің дамуы барысындағы дыбыстық өзгерістер мен тілдің кірме элементтерді игеру мүмкіндігі туралы болжамдар жасалды.

Талдау мен нәтижелер

Араб, парсы сөздерінің молдығы, сөйлем құрылысындағы түркі тілдеріне жат құрылым, яғни араб, парсы жалғаулықтарының қолданылуы шығарманың аударма екендігін айқындай түседі, сонымен қатар олардың тілімізге қашан, қалай енгендігі де белгілі бола бастайтындай. Мұндай көрсеткіштер түркі тілдері мен араб тілінің арасындағы байланыстардан хабар береді. Шығарманың тілінде кездесетін кірме элементтердің дыбыстық нұсқасы мен қазіргі тіліміздегі сипатының арасындағы алшақтық тілдің дамуы

барысындағы дыбыстық өзгерістер мен тілдің кірме элементтерді игеру мүмкіндігі туралы болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

«Жергілікті ғалымдар, жазушылар мен ақындар өз еңбектерін араб тілінде жазды. Сондықтан орта ғасырларда енген араб, парсы сөздері қазіргі тіліміздегі араб, парсы сөздерінен әлдеқайда көп болған. Көпшілік араб, парсы сөздері, оның ішінде діни сөздер тілдік қолданыстан шығып қалса, енді бірқатар сөздер тілімізге сіңісіп, қалыптасып кеткені соншалық, араб, парсы сөздерінің көпшілігін қазақтың байырғы төл сөздерінен ажырату қиын. Ескі қазақ әдеби тілінде араб, парсы сөздерінің көп қолданылуына қарамастан жазба еңбектерді оқи алатын ұлан ғайыр жерді алып жатқан түркі жұртына түсінікті тіл болған.

Тарихи деректерге сүйенсек, парсы тілінен енген кірме сөздердің ауысуы араб мәдениетінің гүлденуінен әлдеқайда бұрын басталған. Түркі халқы иран халқымен исламнан бұрын да тығыз қарым-қатынаста болған» [5].

Рабғузидың «Қиссас-ул-әнбия» ескерткішінің тілі араб, парсы сөздерінің өте көп қолданылуымен ерекшеленеді.

«Қиссас-ул-әнбия» ескерткіші араб әрпімен жазылған. Араб әліпбиінде кездесетін дыбыс таңбаларының барлық түрлері де қолданылған.

Араб тілінің өзіне тән, біздің тілімізге жат дыбыстар бар, ал бұл дыбыстар тілімізде түсіріліп немесе басқа дыбыстармен алмастырылып берілген [6].

Мәселен, араб тіліне тән жуан дауыссыз дыбыстар (эмфатикалық дыбыстар) тілімізде кездеспейді, айн дыбысы түсіріліп айтылады немесе кейбір сөздерде а немесе ғ дыбыстарымен алмастырылып айтылады: Худай та‘ала – Құдай тағала, шари‘ат – шариғат, та‘зим – тағзым, ‘Арш – Ғарыш, т.б.

Ескерткіш тіліндегі араб, парсы сөздері өздерінің қолданылу ерекшеліктерін сақтаған.

Ескеретін жағдай: араб тіліне тән дыбыстармен келетін сөздер де сауатты түрде берілген. Мысалы, араб тілінің айн әрпімен келетін сөздер: ‘абас, ‘Аббас, ‘адад, ‘адд, ‘ад, ‘ақыл, та‘ала, ‘азаб, ‘акубат, ‘узур, ‘ужб, т.б.

Араб дауыссыздарының жуан айтылуы мен одан кейінгі қысқа дауыстылардың жуан айтылу ерекшелігі қазақ тілінде толық сақталады:

Жіңішке реңді дауыссыздар мен одан кейінгі жіңішке дауыстылар сөз құрамындағы басқа дыбыстардың әсерімен жуан-жіңішке дыбыстала береді. Көне дәуірлерден бері тілімізде жіңішке дыбыстардың болғандығы белгілі, дегенмен орта ғасырларда араб, парсы сөздерінің енуімен байланысты тілімізде сөздердің жіңішке айтылу үрдісі қалыптаса бастады. Жіңішке айтылатын буындар мынадай сөздерде кездеседі: бергучидурмән уа насих аминдурмән – берушімін, сенімді кеңесшімін; кұнаһыңни өтәрмән – күнәларыңды кешіріп жіберемін; керәк – керек; кәсәл – кесел, ауру. Бұл дәуірлерде ә дыбысы төл сөздерімізде, араб, парсы сөздерінде келеді.

Парсы тілінің ф дыбысы да сол дәуірлерде ф түрінде жазылғанмен, тілімізде п түрінде айтылады: бифарман – пәрменсіз, фа‘ида – пайда, фақир – пақыр, фалакат – пәлекет, фани – пәни, фарман – пәрмен, фарс – парсы, фасих – пасық. Бұдан бөлек парсы тілінің п дыбысынан басталатын көптеген сөздері тілімізге енген: пишана – пешене, пушайман – пұшайман, пила құрты – жібек құрты, пери – пері, парда‘ – перде, пара – пар, бөлік, бөлшек, т.б. Осы сияқты толып жатқан сөздердің енуі сөздік қорымызда п дыбысынан басталатын сөздердің қатарын молайтты [7].

Х дыбысы да орта ғасырлардан бастап кең қолданыла бастады, көбінесе араб, парсы сөздерінде кездеседі: хаж – хажылық, хажалат – қыжалат, хажат – қажет, хазина – қазына, хазир – әзір, хайир – қайыр, т.б. Ескерткіш тілінде араб, парсы тілдерінен енген сөздердің қатары мол болғанымен, көбі тілдік қолданыстан шығып қалған.

Араб, парсы сөздерінің тіліміздегі өзгеру сипаты ретінде тұлғалық жағынан әртүрлі сипатқа ие болуын айтуға болады. Өзге тілден енген сөздер атау тұлғада енетіні белгілі. Қиссада кездесетін араб, парсы сөздері, біріншіден, атау тұлғада, жекеше түрде келеді.

Тілімізде бар біраз сөздер әуелгі қалпын сақтап отырған. Мысалы: ажал – ажал, мезгіл, ада (болу) – ада (болу), таусылу, азар – азар, қайғы, зәбір, реніш, т.б.

Араб, парсы сөздеріне бүгінде өзгеріске ұшыраған түркі қосымшалары қосылып келетін сөздер кездеседі: амин-дур – сенімді, адал; Амина-ға-ча – Әминаға дейін, т.б.

Қазақ тілінің жалғаулары мен сөзтудырушы –лы, -лі, -лық, -лік, -ғы, -гі, -рақ, -рек, -сыз, суз, т.б. жұрнақтары араб, парсы сөздеріне жалғанып, қалыптасқан дәстүрлі жүйемен жұмсалады: аташлуғ – от сияқты (от түсті, отты); асанлық – оңайлық, оңай; бифарманлық – пәрменсіздік; абаданлик – көркейген жер, гүлденген мекен; бисабрлық – сабырсыздық, душарлық – ауырлық, қиындық, диһқанчилик – диқаншылық, аууалги – әуелгі, алғашқы; азалдин – әуелден, әзелден, т.б. Осылардың ішінен көне тілден бері келе жатқан –ла, -ле, -да, -де және -дық, -дік, -тық, -тік жұрнақтары арқылы туынды сөздер көбірек жасалынғандығы байқалады.

Араб, парсы сөздеріне сол тілдердің бірлі-жарым қосымшаларының жалғанып келуі ұшырасады:

Би – парсы тілінің -сыз, -сіз болымсыздық мағынасында сөздің алдынан келетін қосымшасы: бифарман – пәрменсіз, әмірсіз; би‘илим – ғылымсыз, т.б.

Би -мен, -бен, -пен көмектес септігінің жалғауы: би-та‘хир – кідірместен, ойланбастан, т.б.

әл – араб тілінде анықтықты білдіретін артикль: ал-батта, ал-қисса, ал-ғайблық, ал-башаруа, ал-байанлық, ал-амин, т.б. Анықтық халді білдіретін артикльмен келген біршама сөздер артикльсіз пайдаланылса, енді бір сөздерге сіңісіп, бір бүтін тұлға ретінде танылады.

Зат есімдердің екілік түрлері берілген: анһимани “ол екеуі”; шадируани “екі перде”, “екі шатыр”, т.б.

Есім сөздердің ер тегі, әйел тегіндегі түрлері қиссада сол қалпында кездеседі: мударрис “оқытушы”; мударриса ә.т. “оқытушы”.

Түркі тілдеріне жат, араб тілі грамматикасына тән әл артиклі, зат есімнің екілік түрі, есім сөздердің ер тегі, әйел тегінде келуі сөйлеу тіліне емес, жазба тілге қатысты қисса тіліне тән ерекшелік деп түсінуге болады.

Араб, парсы сөздерімен бірге парсы тілінің -хор, -баз, -қой, -гар қосымшалары, араб тілінің сын есім тудырушы -и жұрнағы да енген: шарапқор, кумарбаз, судхор, ‘анибатқой, наухагар; абади (а) мәңгілік; адами (а) адами; азали (а) көне, ежелгі.

Зат есімдердің көпше түрлері берілген: аулийа‘и – әулиелер, амуал – (мал) мал-мүлік, анбийа – әнбиелер, пайғамбарлар, асма‘и – есімдер, асрар – сырлар, құпиялар, асхаб – достар, аруах – рухтар, арзақ – ризық, т.б. Көпше түрдегі сөздер, негізінен, «бұрыс көпше түр» үлгісінде келеді, алайда көптік мағынасын сақтамаған, сондықтан түркі тілінің көптік жалғауын қабылдайды.

Жалпы есімдермен қатар жалқы есімдер көптеп қолданылған. Мысалы: ал-А‘зам – әл-Ағзам, Адам ‘алайһи-с-салам – Хазірет Адам ‘алайһи-с-салам (алғашқы пайғамбар), Мухаммад Мустафа салла Аллаһу ‘алайһи уа-с-саллам, Абу Алға, ‘Абдуллаһ Ансары, Хадича‘ан, Фатима, Зуһра, Ибн Аббас, Ибраһим Халил Аллаһ, т.б.

Географиялық жер-су атаулары: Байт-ул-ахиран, Байат-ул-Мукаддас – (Йерусалимдегі мешіт), Жудда (Жидда), Ирак, Адан, Бағдад.

Қиссада сөз тіркестері, қос сөздер де берілген: Хажар ал-асуад – қара тас; бурда бурда – кесіп-кесіп, бөліп-бөліп; һамдам-ул-бунйан – жасалғанды қиратушы; зауқ шауқ – шат-шадыман, субх шам – ертелі кеш, сужра‘ан мамну‘а – тыйым салынған ағаш, т.б.

Араб, парсы сөздері бірігіп келіп, біртұтас бір сөз болып келетін сөздер: нурнафис – баға жетпес, бағалы нұр; нуршам – нұр шашқан, шұғыла; һәрхид – әртүрлі; һәргез / һәркез – әрқашан, әрдайым, әркез [8].

Кірме сөздер көбінесе есім сөз түрінде енеді, ал етістіктердің енуі – сирек құбылыс. Ал «Қиссас-ул-әнбия» ескерткіші тілінің ерекшелігі сол, мұнда етістіктер көбірек қолданылған. Етістіктер түбір қалпында да, қосымшамен де келе береді: Асажда – сәжде жасау, ас‘ат – жар бол; хаһла – қала, арада – қалау, жадалашып – дауласып (жадал (дау)-аш-ып), жуфтлаштилар – жұптасты, т.б. Сондай-ақ мысалдардан көріп отырғанымыздай, кейбір етістіктер араб, парсы есім сөздерінің түркі етістік тудырушы жұрнақтарымен келіп, етістік қызметінде жұмсалуды және араб, парсы сөздерінің көмекші етістіктермен келуі көбірек кездеседі: дуруст ермас – дұрыс емес; тәрк қыл – тәрк ету, далада қалдыру, керек етпеу; мағфарат қыл – кешірім жаса; ма‘сум тутғыл – күнәсіз ет, т.б.

Қиссада кездесетін араб, парсы сөздерін жинастыра келе оларды мазмұнына қарай екі топқа бөлуге болады: діни сөздер және діни емес сөздер. Қиссадағы сөздердің жартысынан көбін араб, парсы сөздері құрайды. Қисса пайғамбарлардың өміріне арналғандықтан, өзге жазба ескерткіштерге қарағанда діни сөздер көп қолданылады [9].

Сөздердің мағыналық жағына көңіл аударсақ, діни сөздердің негізгі мағынасы діни ұғымға қатысты болғандықтан әрі діни термин ретінде қолданылатындықтан көп өзгеріске түсе бермейді: Аллаһ, намаз, хаж, таһлил, тасбих, закут, жиһад, куфур, жин, шари‘ат, сажда, зикр, хазрат, Худай та‘ала, беһишт, т.б.

Араб сөздері қаншама дәуірлерден бері қолданылып келеді. Сондықтан мағыналық жағынан әртүрлі өзгерістердің болуы заңды да. Араб, парсы сөздерінің мағынасы біркелкі өзгеріске түспейтіндігі белгілі. Бір сөздер бұрынғы мағынасын жоғалтып, жаңа мағынаға ие болса, бір сөздер бастапқы мағыналарын сақтай отырып, жаңа мағынаға ие болған. Жаңа мағына үстегендері төл тіліндегі мағынасынан алшақтап кетіп жатады [10].

Кейбір араб сөздері мағыналық жағынан тілде кеңіген болса, көп мағыналы араб сөздері, негізінен, дара нақты мағынасында еніп қалыптасқан, мағына ауысу тәсілдерінен метафора және метонимия тәсілдері арқылы мағынаның дамуы да орын алған.

Араб сөздері мағынасының өзгеруі басқа тілдерге қарағанда біздің тілімізде басым болып келеді екен [11].

Мұндай семантикалық өзгеріс шифа сөзінен де көрінеді. Шифа сөзінің араб тіліндегі мағынасы – ‘дәрі, дәрі-дәрмек’, ал парсы тілінде “емдеу, ауруға ем жасау/ем”. Қиссада парсы тіліндегі мағынасы берілген, ол қазіргі қазақ тілінде ауруды сауықтыруға себеп болатын ‘ем, дауа’ мағынасы басым, ал “емдік заттар, дәрі-дәрмек” мағыналары өнімсіз жұмсалады, яғни екі тілдегі мағынасы да сақталған. Адамдар шифасыға сабаб болур. Адамдардың ауруына шипа болады (ҚӘ 1185).

Кейбір сөздер қазіргі тілімізде қолданыста бар, бірақ мағыналары тарылған. Араб тілінің либас сөзі ‘киім, киім-кешек’ мағынасын білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде әбден тозығы жеткен, көнетоз киім-кешек мағынасында ғана қолданылады. Мысалы: Шынын айтқанда, Нұрғайшаның да, Төлегеннің де үстінде лыпа жоқ еді [12].

Бір сөздің мағынасы өзге сөздермен байланысты болып келеді, бір діни терминді түсіндіруде бірнеше басқа сөздерге де түсінік беруге тура келетін жерлері де бар. Мысалы, сахиб сур – керней иесі сөз тіркесін түсіну үшін қиямат, ақырзаман сөздерінің мағынасын түсінуге тура келеді. Исафил ‘алайһи-с-саламны сахиб сур атады. – Исафил ‘алайһи-с-саламды Керней иесі атады (ҚӘ 526). Сөздікте Қиямет, діни сенім бойынша, о дүниеге барғанда әрбір адам өтетін қыспақ деп түсінік берілген. Қиямет сөзіне исламда былай түсінік береді: «Бұдан да бұрын айтып өткеніміздей, Аллаһ Тағаланың белгілеген уақыты келген кезде төрт ұлы періштенің бірі болып табылатын Исафил «Сур» деп аталатын бір аспапты үрлейді. Одан өте үрейлі бір дауыс шығады, осы дауыстың әсерінен барлық тіршілік иелері

өледі және әлемде орасан зор өзгерістер болады. «Сүр үрілгенде Алланың қалағанынан басқа көктердегі жан иелері, жердегі жан иелері жығылып өледі. Бірақ Алланың қалағандары қалады. Сосын екінші рет Сүр үріледі де сонда олар тұрған бойда қарап қалады» (Зүмәр сүресі 68-аят) [13]. Құран Кәрімде Сүр: Қиямет күні Ісрафил ғалейһиссәләмнің үрлейтін сұры (10 жерде бар) деп берілген.

Араб сөздері тілімізге еніп, төл сөзіміздей болып кеткендіктен, тіліміздің заңдылықтарына бағынады. Тілде болатын әртүрлі өзгерістер кірме сөздерге де әсер етпей қоймайды. Сөз мағынасының кеңеюі немесе тарылуы, көп мағыналыққа ие болуы араб сөздерінен де байқалады [14].

Қисса әулие-әнбиелерге арналғандықтан дінге, діни ұғымдарға қатысты сөздер мұнда жеткілікті: Аллаһ, намаз, хаж, таһлил, тасбих, закут, жиһад, куфур, жин, шари‘ат, сажда, зикр, хазрат, Худай та‘ала, т.б.

Қиссада кездесетін діни сөздер жайын сөз етуді әуелі Алланың есімдерімен байланыстырамыз. Ислам діні бойынша Алла Тағала мен оның құлдарының арасындағы байланыс Аллаға лайықты сипаттарды білумен жалғасады. Құран Кәрімде Алла сипаттарының саны жөнінде мәлімет жоқ. Алланың 99 көркем есімі бар. Бұларды ең жақсы есімдер деген мағынада әсмаул-һусна дейді, қазақша көркем есімдер деп беріп жүр. «Ең жақсы атаулар Аллаһ сұбыхаанаһу уа та‘алаға тән. Оған сол аттарымен жалбарыныңыздар», дейді Ағраф сүресі, 180-аятта.

Аллаһ сөзі, біріншіден, сұбыхаанаһу уа та‘ала (әрі қарай – Аллаһ (с.т.) сөзінің тіркесіп келуі арқылы айтылады. «Аллаһ сұбыхаанаһу уа та‘ала (Аллаһ) Құдай, Жалғыз, Құдай, Бірінші Жаратушы, Әлемдердің Жаратушысы – Оның(Аллаһ сұбыхаанаһу уа та‘аланың) бар екендігін және Оның (Аллаһ сұбыхаанаһу уа та‘аланың) илаһи сипаттарын білдіретін есім. Раббымыздың ең ұлық Есімі. Аллаһ – Иллаһ сөзінің ал артиклімен келген түрі. Аллаһ, Худай та‘ала, Хақбихана уа та‘ала сөздері жиі кездеседі. Аллаһ, Хақбихана, та‘ала – араб сөздері. Та‘ала, Алла, Құдай, Хақ сөздерімен қосарланып, «Құдіретті Ием, Жаратушы» деген діни табынуды білдіретін атау. Хақ (а) – Құдай, Жаратушы, мағынасы – Ақиқат, Хақ, Хақиқи, Шындық иесі, Алланың 99 көркем есімінің бірі. Кейбір сөздер Алланың сипаттарын, Аллаға тән қасиеттерді білдіреді: сармад (Шексіз, мәңгі (Құдай), Раббу-л-арбаби (Алланың теңеулері), ‘аллам ал-ғайублық – құпияның бәрін білуші, т.б.

Алланың есімдері араб тілінде зат есімнің анық халде тұрғанын білдіру үшін сөздің алдынан келетін ал артиклімен айтылады. Мысалы: ал-Хақ, ар-Рахим, ас-Сабур, әл-Һәди т.б. Өзінен кейінгі сөздің басқы дыбысымен ассимиляцияға түсіп, үндесіп, ал артикліндегі а дыбысы бірде а, бірде ә болып айтылса, л дыбысы араб тілінің ішкі заңдылықтарына сай өзгерістерге түсіп айтылады. Қиссадағы Хақ та‘ала – Құдай тағала, Құдіретті Құдай, Хақбихана (а) – Хақбихана, Жаратушы. Құдай – парсы сөзі. Бұл сөздің бірнеше варианттары кездеседі: Худауан (Құдай), Худайа (Құдай), Худа (Құдай).

Сонымен қатар қиссада о дүниеге байланысты сөздер, діни ұғымдарға, Алланың адамдарға парыз еткен міндеттері жайына қатысты сөздер, исламдағы тиым салынған ұғымдар, Алланың жіберген діні, кітаптары мен сүрелердің аттары, өлімге қатысты сөздер көптеп қолданылған.

Қисса тілі аударма болуына да байланысты болу керек, араб, парсы сөздерімен қатар сөз тіркестері, тұтастай сөйлемдер берілген.

Сөз тіркестері қабыса байланысқан және матаса байланысқан болып келеді. Бір тіркестер сындық мағынаны білдіріп, қабыса байланысса, енді бір сөздер матаса байланысқан сөз тіркесін жасайды: Рабби-л-‘аламийн – Ғаламның иесі (Аллаһ). Араб тілінде мұндай сөз тіркесін идафа дейді. Мұндай сөз тіркестері өзге орындарда да көп кездеседі. Мысалы: аһли бәйт – Мұхаммедтің (с.а.у) отбасы, парда‘ ғайбдин – ғайып пердесі, дунийа йүзи – дүние жүзі, Һазим-ул-лаззат – ләзатты жоюшы, т.б.

Матаса байланысқан сөз тіркестері әртүрлі жолмен жасалынған. Бірде қазақ тілінің қалыптасқан жүйесін, енді бірде араб тілінің жүйесін сақтап жасалынған.

Адам есімдері матаса байланысады: Уаһаб ибн Мубна жалқы есімі Мубнаның ұлы Уаһаб дегенді білдіреді [15].

Қиссада араб, парсы тілдерінен сол күйінде қабылданған кірме фразеологизмдер мен кірме сөздердің түркілік көмекші етістіктермен тіркесу арқылы түркілік сөз түрлену, сөзжасам жұрнақтарын қабылдауы арқылы тұрақты тіркестер құраған: Аллаһу ақбар, ахиру заман, та'ат қылу – тағат қылу, йетім хақыны йер – жетімнің қақысын жеу, Қудрат қолы – құдірет қолы, 'ақыл уа һушум кетар – ақыл-есінен айрылу, шари'ат йүкіні көтермак – шариғаттың жүгін көтеру, шариғаттың жолымен жүру; мутараддад болыб турдылар – жабырқап жүрді; қабза қудраті – құдірет қолымен, құдіретімен, ла'нат йибар – лағынет айт, қарға; балағатқа батдылар – балағатқа толды, т.б.

Тұрақты тіркестердің өзі де уақыт өте келе өзгерістерге түсіп отырады. Өзгерістерге түсу жағдайы әртүрлі. Азар уа безар деп – азар да безер болу. Мен сізләрдің азар уа безар деп қашларыдін қуаладылар. – Олардан азар да безер болып, қасынан қуалады (ҚӘ 1464). Азар да безер болды Аза бойы қаза болды, жаны түршікті. Бұл тіркестегі азар – парсы сөзі, қайғы, зәбір, реніш дегенді білдіреді. Ал безер – түркі сөзі, безу, безіп кету мағыналарын беріп тұр.

Әрине, фразеологизмдердің тарихи негізі тарих қойнауынан жол тартып келеді, сондықтан ол тек бір кезеңдерді қамтып қоймайды. Мысалдардан байқалғандай, олар өзгерістерге ұшырап отырады әрі тілден шығып та қалып жатады. Дегенмен өзгерістерге түсу ұзақ уақытты керек етеді. Ең қызығы – еш өзгеріске түспей жеткен фразеологизмдер. Олай болса, тіл негізгі қалпын ұзақ уақыт сақтай алады деген сөз [16].

Араб-парсы сөздері тілімізге негізінен үш сала бойынша енген:

1. Ғылым мен мәдениетке, әлеуметтік өмірге байланысты: тарих, әдебиет, мәдениет, хакім, тәрбие, тәржіме, емтихан, емле, ғылым, пән, сәлем, сапар, қазына, әдет, әлем, қабілет, қанағат, мағлұмат, назар, мәжіліс, мекеме, мектеп, мемлекет, т.б.

2. Үй тұрмысы мен шаруашылыққа, саудаға байланысты: бәс, жиһаз, парак, қаражат, кіре, шерік, ауқат, қасап, несие, шарап, бағбан, халва, дәм, дүкен, дарбаза, дихан, т.б. 3. Дінге байланысты: құран, имам, мешіт, мүфти, құдірет, құрбан, ораза, дұға, азан, жәһәннам, жаннат, рамазан, жаназа, әулие, қажы, намаз, т.б.

Бұдан басқа адам аттарына байланысты сөздер енген. Оған: Ғали, Сағадат, Фатима, Уәсила, Уәли, Ысқақ, Жакып, Айман, Нағима, Назым, Мәлік, Мұзафар, Махмут, Мұхтар, Мұрат, т.б. Әдеби тілдің аясында әлі де берік орныға алмай жарыса қолданылып жүрген қонақ пен мейман, қақпа мен дарбаза, қораз бен әтеш сияқты азын-аулақ жарыспа сөздер бар. Бұл айтылғандарға қарағанда, араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер мен ана тілінің тума сөздерінің арасындағы саралану, орнығу жөніндегі «ішкі тартыс» әлі де болса жүріп жатқан құбылыс екендігін көреміз [17].

Қорытынды

XIV ғасырдың ескерткіші болып саналатын «Қиссас ул-әнбия» шығармасының сөздік қорын тақырыптық топтарға бөлу арқылы зерттеу қай лексикалық бірліктердің қоғамдық өмірдің қай саласында қолданылғандығы олардың тарихи даму процесін бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл топтардың қалыптасуында өзге тілдерден енген сөздер де маңызды орын алады.

Шығармада берілген сөздерді зерттеу нәтижесінде оның сөздік қорының негізін түркі қабаты сөздері құрайтындығы белгілі болды. Бұл лексикалық қабат өз кезегінде көне түркі тілінің ескерткіштерінде қолданылған түбір сөздерден тұратыны, сондай-ақ XIV ғасырда олардың көмегімен жасалған лексемалар, сондай-ақ түркі аффикстері арқылы кірме сөздердің негізінде жасалған атаулардың қоғамдық-саяси, экономикалық, ғылыми және

мәдени өмірдің әртүрлі салаларында болған өзгерістер нәтижесінде пайда болған жаңа ұғымдарды белгілеу үшін алынғаны анықталды.

Сөйтіп, ескерткіш тілінің сөздік құрамында жалпытүркілік лексикалық қабаттан басқа араб тілінен енген сөздердің саны жағынан мол екендігі анықталды және бұл шығарманың мазмұнымен тікелей байланысты болғандығын көреміз. Араб сөздерінің лексикалық қабаты негізінен ислам дініне қатысты лексиканы құрайды. Келесі мол лексикалық қабатты парсы сөздері құрағанын көреміз. Мұның басты себебін Хорезм аймағында парсы тілі әдебиеттің тілі болғандығымен және шығарманың өзінің парсы тілінен түркі тіліне аударылғандығымен түсіндіруге болады. Аударманың әсерінен парсы тіліне тән сөйлем конструкцияларының ықпалы тиген. Сөйлемдерде парсы тілінің көп жалғаулығы жиі жұмсалады. Тілімізге тікелей аударылмағанмен, сөйлемдердің арасын байланыстырушы қызметін атқарып тұрғандығы белгілі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Керімбай С., Нәби Ә., Төлеген М. Қиссасул-Әнбия: экзистенциялық талдау. – Алматы: Отбасы, 2022. – 552 б.
2. Негізгі діни мағлұматтар / Түрікшеден ауд., құраст.: Х. Өзтүрік, Б. Мансұров. – Алматы: Хикмет, 2008. – 384 б.
3. Наджип Э.Н. Заслуги арабских филологов в области изучения тюркских языков. Семитские языки. Ч. 2. – М.: Наука, 1965. – 248 с.
4. Досжан Р.А. Қазақ тіл біліміндегі араб, парсы сөздерінің зерттелуі // «ЭКСПО-2017 – болашаққа бастар жол» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері. 1-бөлім. – Шымкент: Әлем, 2017. – Б. 240–244.
5. Досжан Р.А. Ескі қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. 2-т. – Астана: Астана полиграфия, 2011. – 304 б.
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.
7. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
8. Есеналиева Ж. Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1993. – 24 б.
9. Құлназарова Г. XI-XII ғасыр әдеби ескерткіштеріндегі араб элементтері. – Алматы, 1997. – 144 б.
10. Бүркітбай Г. Қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде арабизмдердің лексикографиялануы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 34 б.
11. Якши М.З. Қазақ, өзбек, түрік тілдеріне ортақ кірме араб сөздері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 24 б.
12. Ағабекова Ж.А. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 25 б.
13. Жұбатова Б. Қазақ қисса-дастандарындағы араб, парсы сөздері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 21 б.
14. *Құран кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма* / жауапты ред.: Қ. Бағашар, А. Әуезханұлы; ауд.: А.Б. Әкімханов, Н.С. Анарбаев. – Алматы: Дәуір, 2020. – 624 б.
15. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы: Ана тілі, 2003. – 242 б.
16. Азылы К., Акпынар А., Патыхан Ф. Типология количественных определителей “множесто, избыток, чрезмерное” в древнетюркских языках // *Türkologia*. – 2022. – №4 (112). – Б. 42–73.
17. Ölmez M. Devam Eden Çalışmalar: Eski Türkçenin Kısa Sözlüğü ile Uyğurcanın Sözlüğü Üzerine Notlar // *International Journal of Old Uyghur Studies*. – 2021. – №3/1. – Р. 95–122.
18. Аманғалиева А.Е., Бекмашева А.Н. Рабғузидің «Қисас-ул-анбийя» шығармасындағы ономастикалық кеңістік («Адам ата-Хауа ана» қиссасы негізінде) // Керуен. – 2022. – №4, 77-том. – Б. 189–199. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-15>

REFERENCES

1. Kerimbai S., Nabi A., Tolegen M. Qissasul-Anbia ekzistencialyq taldau [Kissasul-Anbiya: existential analysis]. – Almaty: Otbasy, 2022. – 552 b. [in Kazakh]
2. Negizgi dini maglumattar [Basic religious information] / Turiksheden aud., qurast.: H. Ozturik, B. Mansurov. – Almaty: Hikmet, 2008. – 384 b. [in Kazakh]
3. Nadzhip E.N. Zaslugi arabskih filologov v oblasti izucheniya tiurkskih iazykov. Semitskie iazyki. Ch. 2. [The achievements of Arab philologists in the field of studying Turkic languages. Semitic languages. Part 2.] – M.: Nauka, 1965. – 248 s. [in Russian]
4. Doszhan R.A. Qazaq til bilimindegi arab, parsy sozderinin zerttelui [Study of Arabic and Persian words in Kazakh linguistics] // «EKSPON-2017 – bolashaqqa bastar zhol» atty halyqaralyq gylimi-tazhiribelik konferencianyn enbekteri. 1-bolim. – Shymkent: Alem, 2017. – B. 240–244. [in Kazakh]
5. Doszhan R.A. Eski qazaq adebi tilinin tusindirme sozdigi. 2-t. [Explanatory Dictionary of the old Kazakh literary language. Vol. 2]. – Astana: Astana poligrafia, 2011. – 304 b. [in Kazakh]
6. Syzdyqova R. Qazaq adebi tilinin tarihy [History of the Kazakh literary language]. – Almaty: Ana tili, 1993. – 319 b. [in Kazakh]
7. Rustemov L.Z. Qazirgi qazaq tilindegi arab, parsy kirme sozderi [Arabic and Persian words in modern Kazakh]. – Almaty: Gylym, 1982. – 160 b. [in Kazakh]
8. Esenalieva Zh. Abai shygarmalaryndagy arab, parsy sozderinin qoldanylu erekshelegi: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Features of the use of Arabic and Persian words in Abay's works: abstract]. – Almaty, 1993. – 24 b. [in Kazakh]
9. Qulnazarova G. XI-XII qasyr adebi eskertkishterindegi arab elementteri [Arabic elements in literary monuments of the XI-XII centuries]. – Almaty, 1997. – 144 b. [in Kazakh]
10. Burkitbai G. Qazaq tili tusindirme sozdikterinde arabizmderdin leksikografialanuy: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Lexicography of arabisms in explanatory dictionaries of the Kazakh language: abstract]. – Almaty, 2004. – 34 b. [in Kazakh]
11. Iakshi M.Z. Qazaq, ozbek, turik tilderine ortaq kirme arab sozderi: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Arabic words common to Kazakh, Uzbek, Turkish: abstract]. – Almaty, 2010. – 24 b. [in Kazakh]
12. Agabekova Zh.A. Qazaq tilinde qalyptasqan arab tekti kisi attarynyn etnolingvistikalyq sipaty: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Ethnolinguistic character of names of people of Arabic origin formed in the Kazakh language: abstract]. – Almaty, 2005. – 25 b. [in Kazakh]
13. Zhubatova B. Qazaq qissa-dastandaryndagy arab, parsy sozderi: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Arabic and Persian words in Kazakh Kissa-sagas: abstract]. – Almaty, 2001. – 21 b. [in Kazakh]
14. Quran karim. Qazaqsha tusindirmeli audarma [The Holy Quran. English explanatory translation] / zhaupty red.: Q. Bagashar, A. Auezhanuly; aud.: A.B. Akimhanov, N.S. Anarbaev. – Almaty: Daur, 2020. – 624 b. [in Kazakh]
15. Qaliev G., Bolganbaev A. Qazirgi qazaq tilinin leksikologiasy men frazeologiasy: oqulyq [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language: textbook]. – Almaty: Ana tili, 2003. – 242 b. [in Kazakh]
16. Azyly K., Akpynar A., Patyhan F. Tipologia kolichestvennyh opredelitelei “mnnozhesto, izbytok, chrezmernoe” v drevnetiurkskih iazykah [Typology of quantitative determinants “multiple, excess, excessive” in ancient Turkic languages] // Turkologia. – 2022. – №4 (112). – B. 42–73. [in Russian]
17. Ölmez M. Devam Eden Çalışmalar: Eski Türkçenin Kısa Sözlüğü ile Uygurcanın Sözlüğü Üzerine Notlar [Turkish Dictionary of Uyghur and a Short Dictionary of Old Turkic with Notes on the Dictionary of Uyghur] // International Journal of Old Uyghur Studies. – 2021. – №3/1. – P. 95–122. [in Turkish]
18. Amangalieva A.E., Bekmasheva A.N. Rabguzidin «Qisas-ul-anbia» shygarmasyndagy onomastikalyq kenistik («Adam ata-Haua ana» qissasy negizinde) [Onomastic space in rabguzi's work “Kisas-ul-Anbiya” (based on the fable “Adam-Eve”)] // Keruen. – 2022. – №4, 77-tom. – B. 189–199. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-15> [in Kazakh]